

Бекітемін.

Мектеп директоры:  С.Т.Қойайдаров

**Соркөл орта мектебінің 2021-2022 оқу жылының Жас Ұлан ұйымының
жылдық жоспары**

2021-2022 оқу жылы

Түсінік Хат

Соркөл орта мектебінде тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 -2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілінде құралды. Тәрбие жұмыстар барлық ынталы тараптар : отбасы,білім беру ұйымдары , қоғамның кең ауқымда кешенді түрде жүзеге асырылады.

1. **«Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы»** Республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – «Жас Ұлан») Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған Қазақстан Республикасы балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық ұйымы болып табылады.
2. «Жас Ұлан» - өскелең ұрпақты жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік, толеранттылық пен демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптастыратын ұйым.
3. «Жас Ұлан» өзінің қызметін шығармашылық, спорттық, қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен және мемлекеттік мекемелермен бірлесе жүзеге асырады.
4. «Жас Ұлан» өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңнамасы және басқа да нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық актілерді басшылыққа алады.
Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы басшылыққа алынып жасалды. 2020-2021 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізіледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Ақтөбе облыстық білім басқармасының № 252 бұйрығы негізінде және Ойыл аудандық білім дене шынықтыру және спорт бөлімінің № 23/7 ережесі негізіндегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы.
3. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі 2016 ж 26 сәуір
Бұл бағдарлама білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар

1. Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы басшылыққа алынып жасалды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде ,

Қазақстан Республикасының заңдары

- 1.Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995ж)
- 2.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2007ж)
- 3.Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт» жайлы заңы (02.12.1999ж)
- 4.Қазақстан Республикасының «Мейрам күндері» жайлы (2001ж)
- 5.Қазақстан Республикасының «Бала құқығы туралы» заңы (2002ж)
- 7.Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (10 - бап)
- 8.Қазақстан Республикасының «Тіл туралы заңы» (1997ж)

- 9.Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (925,926,927,1124 - баптар)
- 10.Қазақстан Республикасының Еңбекпен түзету кодексі (96 - бап)
- 11.Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» (172,177 - баптар)
- 12.Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық жайлы кодексі (12,154 - баптар)
- 13.Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы
- 14.Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын қорғау туралы(1998)
- 15.Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың
16. Қазақстан Республикасы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» заңы
17. Қазақстан Республикасының «Темекі тартуды алдын-алу және шектеу туралы» заңы (2002 ж.10 шілде)
- 18.АҚТБ/ЖҚТБ – ның алдын алу жайлы декларация (2001ж)
19. Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлықтарының алдын алу бойынша 2019 жылға дейінгі жол картасы;
20. Қазақстан Республикасының 04.12.2009 жылғы “Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы” заңы;
21. “Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн” Ұлттық ақпараттық науқаны;
22. “Қауіпсіз мектеп” республикалық акциясы
23. Қазақстан Республикасының 04.07.2013 жылғы № 127 “Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы.

Соркөл орта мектебінің 2020-2021 оқу жылының «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының талдауы

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының моделі – балалардың қазіргі замандық қоғамда өз орнын табуына, Отаншылдық және азаматтық жауапкершілікті сезінуіне, еркін шығармашылық қабілеттерін дамытуына мүмкіндік береді.

“Жас Ұлан” - өскелең ұрпақты жоғары рухани - адамгершілік құндылықтар, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан ұйым.

Әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шыңдалатындығы өмір шындығы. Бүгінгі мектеп оқушылары, ертеңгі ел тізгінін ұстайтын, оны алға апаратын азаматы болғандықтан мектептердің дамуымен оның ертеңгі көк жиектері тәуелсіз мемлекетімізбен қоғамның басты назарында.

Сондықтан да оқушылар арасындағы жоспарды жоғары деңгейде ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін «Жас Ұлан» ұйымының жылдық жұмыс жоспары 7 бағыт бойынша жасалынды.

Жоспар мектептің қоғамдық беделін көтеруге, қазіргі заманғы отандық дәстүр негізіндегі тәрбие құрылымы мен мазмұнын жаңартуға, тәрбие және оқу процесіндегі үйлесімділікті қолдануға қоғамдық және отбасылық тәрбиеге бағытталған.

Жоспар бойынша келесі бөлімдер қамтылды:

Мектеп жұмысы Жас Ұлан жұмысының орталығы ретінде: Жалпы іс-шаралар;

Мектептегі тыс ұйымдармен жұмыс;

Сынып жетекшілер, ата-аналамен жұмыс;

Мектеп психологімен жұмыс.

«Жас Ұлан» қатарына орта білім беру ұйымының кез-келген оқушысы, қоғамның дамуына үлес қосуға ниет білдірген, ұйымның ережелері мен қағидаларын қабылдайтын, оны құрметтеп, оның талаптарына сәйкес әрекет ететін ұл немесе қыз, ер бала немесе бойжеткен қабылдана алады. Ұйым екі буыннан құрылған: - «Жас Қыран» төменгі буыны — 6-10 жас аралығындағы балалар; - «Жас Ұлан» аға буыны — 11-16 жас аралығындағы балалар. «Жас Ұлан» қатарына қосылу үшін төмендегілер қажет: - қатарға қосылатынның анық жазылған жеке қолтаңбасымен ұйымға қабылдау туралы толтырылған, ата-аналарымен ұлының немесе қызының «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қосылуына келісім берілгені куәландырылған өтініші;

2021-2022 оқу жылында ұйымға қабылданатын оқушылардың мәліметтер базасы жинақталды. Ұйым мүшелерімен, сыныптың Ұланбасылары мен сыныптың белсенділерінің мәліметтері алынды.

Мектеп бойынша «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына I оқу тоқсанында «Жас Қырандар саны -12, ал Жас Ұландар – 65 болды.

I оқу тоқсанда 2021-2022 оқу жылының 16 Тәуелсіздік күні қарсаңында «Жас Ұланға» қабылданатын оқушылар мәліметі жинақталып, 47 оқушы «Жас Қыранға» , ал 1 оқушы –«Жас Ұланға» қабылданатынын сынып жетекшілеріне ескертіліп, төс белгілері мен галстуктің қаражаты жинақталып, ауданға тапсырылды. Нәтижесінде II оқу тоқсанында 16 желтоқсан Тәуелсіздік қарсаңында 12 оқушымыз «Жас Қыранға», ал 13 оқушымыз «Жас Ұланға» қабылданды. Сондай –ақ, тоқсан сайын әр сынып бойынша ұйым мүшелерінің жалпы есебін жүргізу журналы ашылып, журналға әр сыныпта өтілмей қалған оқушылар, басқа мектепке ауысқан оқушылар мен басқа мектептен келген оқушылар мәліметі тіркеліп отыр.

Мектеп бойынша 11-13 қыркүйек күндері аралығында «Жас Ұлан» Республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымының Ұланбасына үміткер 5 оқушы сайлау алды үгіт насихаттарын жүргізді. Сынып жетекшісі мен сыныптың Ұланбасылары мен сыныптас достары атынан үміткерлер туралы пікірлері алынды. 13 қыркүйек күні ұйым мүшелері мектеп оқушылармен ашық кездесіп, өз бағдарламаларымен ой бөлісті. Мектептің «Жас Ұлан» мектеп комитетінің құрамы сайланды.

Сонымен қатар 7 бағыт бойынша Бөлімбасылар сайланды.

| № | Аты - жөні | Атқаратын қызметі |
|----|---------------------|------------------------|
| 1. | Аяпбергенова Тоғжан | «Салауат» Бөлімбасы |
| 2. | Сағынова Гулдана | «Зерде» Бөлімбасы |
| 3. | Көздібаева Диана | «Отан» Бөлімбасы |
| 4. | Шыңғуова Сезім | «Еңбек» Бөлімбасы |
| 5. | Әмірова Динара | «Руханият» Бөлімбасы |
| 6. | Әдебиетова Айкүміс | «Экоәлем» Бөлімбасы |
| 7. | Саматқызы Еңілік | «Жеті жарғы» Бөлімбасы |

«Жас Ұлан» мектеп комитетінің отырысының жоспары жасақталып, бекітілді. Жоспарға сай «Жас Ұлан» мектеп комитетінің 2 отырысы болды.

I –нші отырысында қаралған мәселелер:

Жаңа оқу жылына арналған жоспарын таныстыру, бекіту;

Мектеп комитет кеңесінің жаңа құрам мүшелерін сайлау, бекіту;
7 бағыттар бойынша Бөлімбасыларын сайлау;
I оқу тоқсанында алынған жаңа міндеттерімен таныстыру, бекіту;
II отырысында қаралған мәселелер:
I тоқсанда атқарылған іс-шаралар есебі;
2021-2021 оқу жылында 16 Тәуелсіздік күні қарсаңында қабылданатын оқушылармен таныстыру;

Сыныптар бойынша сынып жиналыстары өткізіліп, сынып белсенділері тағайындалған. Мектеп бойынша 1-11 сыныптың сынып белсенділер мәліметі алынды.

Күнбе-күнгі оқушылардың сабаққа қатысының есебі алынып отырылды. Сынып белсенділермен жұмыстар уақытында жүргізіліп, пікірлесіп, сыныптың ахуалын сыныптың Ұланбасы мәлімдеме жасап отырды. Аптаның I күні 2 сабақтан кейін апталық лездеме өткізіліп, кезекші сыныптардың қортыныды хабарламалары тыңдалып отырылды.

Бірінші бағыт «Зерде» – білім алушылардың құзыреттіліктерінің, зияткерлігінің және шығармашылық қабілеттерінің, проблемаларды шешу икемдерінің қалыптасуына және дамуына, балаларды зияткерлік ойындарға, пікірталастарға, олимпиадаларға, конференцияларға, жобаларға және зерттеулерге қатысу үшін тартуға ықпал етеді. Жасұландық үнемі өзінің танымдық белсенділігін, зияткерлік деңгейін, ақыл-ой еңбегінің мәдениетін, жеке тұлғасының әлеуетін дамытып отырады, түрлі шығармашылық бастамаларына ұмтылады және қоршаған өмірді жақсарту бойынша өзінің шығармашылық қабілеттерін жауапкершілікпен танытады.

«Мен елімнің көшбасшысы болсам», 5-6 сынып оқушылары арасында топтық жарыс ұйымдастырылды. «Бала тәрбиесі ортақ ісіміз» тақырыбында 1-8 сынып оқушылары арасында шығарма байқауы өткізілді. 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні мерекесіне орай «Тәуелсіздік шапағаты» атты 7-9 сыныптар арасында пікірсайыс өтті, «Кітаппен бірге өсеміз» тақырыбында метеп кітапханашысымен 4-5 сыныптар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, оқушылар өз ойларын жеткізе білді.

2. «Руханият» - ұйым мүшелері өмір тіршілігіндегі рухани, моральдық-этикалық, көркемдік-эстетикалық негіздердің дамуына және қалыптасуына, өз отбасының, балалар қоғамдастығының, өзінің және өзге халықтардың мәдени мұрасын меңгеруге және оны көбейтуге, өз ниеттерін басқа адамдар мен әлеуметтік топтардың мүдделеріне сай келтіру икемдерін, қоғамның қазіргі құрылымын түсіну және онда рухани-адамгершілік құндылықтар мен әлеуметтік бағыт-бағдарларға сүйене отырып өздігінен әрекет ету қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Жасұландық өзіне қатысты адал және шыншыл болып, жалпы адамзаттық нормалар негіздеріне сәйкес әрекет етуге тырысып, кішілерді қамқорлыққа алып, жақындары мен достарының пікірлеріне құрметпен қарауы тиіс.

«Абай мұрасы - халық ұлағаты», «Кел жаңа жыл, жаңа жыл-2020» «Кітап білім ордасы», «Біз оқитын кітап», «Әбу Насыр Әл Фараби 1150 жылдығы» тақырыптары бойынша шаралар ұйымдастырылды.

«Отан» — ұйым мүшелерінің бойында қазақстандық сана-сезімнің және мәдени сәйкестіктің, азаматтық жауапкершіліктің, толеранттылықтың және патриоттық, өз халқы үшін мақтаныш, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрмет тұту сезімдерінің қалыптасуына, Отан игілігі, Мейірімділік пен Әділдік үшін өзінің орнын тауып, қабілеттерін мейлінше жүзеге асыруға ұмтылысын қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Жасұландық өз Отанын сүйіп, мемлекеттік рәміздерді құрметтеп, мемлекеттің, өз өлкесінің тарихын, туған жеріндегі құрметті азаматтардың және батырлардың өмірі мен ерлігін білуі, белсенді туристік, ізденіс-экспедициялық және өлкетанушы жұмысты жүргізіп, өз Отанын шетелде абыроймен танытуы керек.

4. «Жеті жарғы» Қазақстан жас азаматтарының құқықтық мәдениетін, БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы, өзінің азаматтық құқықтары, міндеттері бойынша, Заң алдындағы жауапкершілік сезімі білімдері арқылы саяси сауаттылығын қалыптастырады. Жасұландық Қазақстан Республикасының абыройлы азаматы болып, Қазақстан Республикасының Конституциясын, қолданыстағы заңнамасын, жасұландықтың Салтанатты антын құрметтеуге және ұстануға, жалпыға бірдей жүріс-тұрыс ережелері мен нормаларын қолдануға, парыз, намыс пен аrojданын пір тұтып өмір сүруі тиіс. «Мамандығым мақтанышым», «Қазақстанның 100 жаңа есім», Тәуелсіздік – мақтанышым!» «Жас Ұлан» ұйымына оқушыларды қабылдау

5. «Салауат» — ұйым мүшелерінің бойында және қоршаған әлеуметте салауатты өмір салтын қалыптастыруға, көпшілік дене мәдениеті мен спортты түрлі денсаулық сақтауға бағытталған бастамалар, спорттық, туристік, ізденіс-экспедициялық және өлкетану бағдарламаларын іске асыру арқылы дамытуға ықпалын тигізеді. Жасұландық салауатты өмір салтын белсенді жүргізіп, оны насихаттайды, өз денсаулығының қамын ойлайды, жақсы физикалық формасын қолдайды, түрлі спорттық-көпшілік іс-шараларына қатысады. «Коронавирус дегеніміз не?» 1 желтоқсан – Дүниежүзілік АҚТҚ және ЖҚТБ –ға қарсы күрес күні, «Сенің денсаулығың өзіңнің қолыңда», «Есірткісіз болашақ»

6. «Еңбек» — ұйым мүшелерінің ерте бастан кәсіби бағдар алуына және кәсіп таңдауына, жас техниктер, өнертапқыштар мен оңтайландырушылар, бизнес-мектептер, холдингтер, қоғамдық академиялар, кәсіби шеберлік байқауларын, форумдарын құру арқылы құзыреттіліктер мен функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді. 80 Жасұландық жалпы еңбекті және адамдар еңбегін құрметтейді, өзі еңбекті сүйіп, үй шаруашылығында өз отбасына көмектеседі, қолданбалы өнермен айналысады, конструкцияларды модельдейді, кәсіби таңдауға жауапкершілікпен қарайды, еңбек және кәсіби акцияларға, балалар мен жасөспірімдердің техникалық, ауылшаруашылық, шығармашылық жетістіктерінің көрмелеріне қатысады, отбасының, өз ауылының, қаласының, облысының, ұйымының, елінің еңбек дәстүрлеріне екіпін қосады. «Мамандықтың бәрі жақсы, қажеттісін тандай біл», «Мамандық-менің болашағымның таңдауы», “Жасыл желек, жанға сая»

7. «Экоәлем» - балаларда экологиялық мәдениетті, қоршаған ортаға материалдық құндылықтарды қорғауға, табиғи ресурстардың ұтымды пайдаланылуына, табиғатқа ұқыптылықпен қарауға бағытталған қамқорлықпен саналы көзқарасты, қалыптастырады. Жасұландық табиғатпен, қоршаған шындықпен, өзімен үйлесімділікте өмір сүріп,

табиғатты сүйеді және оны құнттап ұстап, табиғи ресурстарды сақтайды және үнемді пайдаланады. «Құстарға қамқор болайық!» «Туған жерімге көмек» т.б іш шаралар ұйымдастырылды.

Жалпы Ұйым жұмысында жүргізілетін басшылыққа алынатын жұмыстар:

- Мектепшілік ар-намыс кодексін, ережелердің орындалуын қадағалау;
- Семинар, конференция, форум, байқау, сайыстарға қатысу;
- Мектептегі, одан тыс мәдени-әдеби, тарихи, әскери-спорттық іс-шараларға қатысу және оларды өткізу;
- Қамқорлық пен қайырымдылық акцияларын жүргізу;
- Жас Қырандармен жұмыс жүргізу, тәрбие шараларға тарту
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- «Мектеп тынысы» газетін насихаттау, жарнамалау, тарату;
- Басқа да қоғамдық ұйымдармен байланыс орнату;
- Мектептегі ақпараттарды сайдқа жариялау;
- Жиналыстар мен отырыстарды хаттау;
- Ұйым құжаттарына арналған папкалардың жай-күйін қадағалау;
- Ұйымның ары қарай жұмыс істеуіне мүмкіндіктер туғызу және белсенділігін артыру.

МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1.«Жас Ұланның» мақсаты:

- өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

2.2.«Жас Ұланның» міндеттері:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

3. ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ

3.1. «Жас Ұлан» келесі қызметтерді атқарады:

- тәрбиелік;
- танымдық;
- коммуникативтік;

- әлеуметтік;
- ақпараттық;
- шығармашылық.

3.2.«Жас Ұлан» қызметінің қағидалары:

- азаматтық сана-сезім және жалпы адами құндылықтардың басымдылығы;
- еріктілік және қол жетімділік;
- ұрпақтар сабақтастығы мен «Жас Ұлан» ұйымының дәстүрлерін сақтау;
- ұйымның негізгі мақсаты мен міндетін жүзеге асырудағы ересектер мен балалардың бірлігі;
- қызметтің патриоттық, толеранттық, рухани-адамгершілік бағыты.

Күтілетін нәтиже:

Әрбір «Жас Ұландықтан» Отан мүддесі үшін қызмет ететін маңызды қасиеттерді меңгерген, Отанның мүдделерін қорғау жөнінде азаматтық борыш пен міндеттерін орындауға тәрбиеленген, халықтар достығын құрметтейтін, имандылық, адамгершілік, ізгілік, ұлттық мінез-құлық пен әдет-ғұрпын негізінде білім алған тұлғаның өсіп шығуы:

Өз Отанының тарихы мен мәдениетін зерделей алатын, ұлттық және отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді қастерлейтін жастардың көбеюі;

Оқушылардың мектеп қабырғасында бастап кемел білімге, кенен кәсіпке жақын болуы, сол арқылы Отанымыз – Қазақстанның дамуына, ондағы

азаматтық қоғамның тұғырының мығым болуына өз үлесін қосатын шын мәніндегі Отаншыл азаматтардың қалыптасуы;

Оқушылар өзін-өзі басқара отырып, елжандылыққа, өнерге, білімге, адамгершілікке, сауаттылыққа тәрбиеленеді;

Оқу-тәрбие жұмысының сапалы жүруіне сынып белсенділері өзінің құқы, міндеті, жауапкершілігі арқылы өз үлестерін қосады;

Болашақта жан-жақты дамыған, адами құндылықтары бойына қалыптасқан, ел тұтқасын ұстайтын жеке тұлғалар шығады;

Ойы, тәні, жаны, ісі әсем тұлға шығады;



«Соркөл орта мектебі» КММ
2021-2022 оқу жылындағы

«Жас Ұлан» «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының атқарылатын іс-шара жоспары

| № | Іс-шара атауы | Өткізілу формасы | Орындалу мерзімі | Бағыты | Қатысушылар | Аяқталу формасы |
|---|---|---------------------------------|------------------|------------|-------------|------------------------|
| 1 | «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» | Топтық сайыс | қыркүйек | Зерде | 3-4 кл | Фотоақпарат марапаттау |
| 2 | «Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің білгірлері» | Интеллектуалды сайыс | қазан | Зерде | 5-6 кл | Хабарлама |
| 3 | «Менің өмірлік жоспарым, келешегім, мүмкіндігім» | Жобалар байқауы Портф.қорғау | ақпан | Зерде | 6-8 кл | Фотоақпарат марапаттау |
| 4 | «Тіл парасаты» іскерлік ойыны | Интел. ойын | қаңтар | Зерде | 3-4 кл | Хабарлама |
| 5 | «Құқықтық сауаттылық заман талабы» | Дөңгелек үстел | желтоқсан | Жеті жарғы | 7-8 кл | фотоесеп |
| 6 | «Қауіпсіз мектеп автобусы» | Сурет көрмесі | қыркүйек | Жеті жарғы | 1-4 кл | фотоесеп |
| 7 | «Сыбайлас жемқорлық деген не?», | Сауалнама | ақпан | Жеті жарғы | 7-11 кл | Қорытынды хабарлама |
| 8 | «Құқық және заң» | Топтық сайыс | қазан | Жеті жарғы | 8 кл | Фотоесеп |
| 9 | Қайталама шикізат жинау бойынша «Эко-Асар» экологиялық марафоны | Апталық акция | қаңтар | экоәлем | 5-8 кл | Онлайн фотоақпарат |

| | | | | | | |
|----|--|-----------------------------|--------------|---------------|---------|---------------------|
| 10 | «Бірыңғай іс-қимыл күні» акциясы | Экологиялық акция | Қазан қараша | экоәлем | 1-4 кл | Ақпарат |
| 11 | «Жүгір және тазала» плоггингтер тізбегі #Taplogging хештегі | плоггингтер тізбегі | сәуір | экоәлем | 5-8 кл | Хабарлама |
| 12 | «Қоқыссыз әлем» сынып сағаттары | Сынып сағаты | наурыз | экоәлем | 1-4 кл | Хабарлама |
| 13 | «Есірткісіз келешек», «Арман! Еңбек! Сенім!» атты флеш-моб | флеш-моб | желтоқсан | салауат | 3-6 кл | Видеожинақ |
| 14 | «Интернетке тәуелділіктің алдын алу» | сауалнама | сәуір | салауат | 7-8 кл | Қорытынды хабарлама |
| 15 | «Денсаулық – басты байлық» | Медбикемен кездесу | ақпан | салауат | 9-10 кл | Фотосесеп |
| 16 | «What? Where? When?» | экобілімділер | қараша | Экоәлем Зерде | 3-4 кл | Хабарлама |
| 17 | «Еңбек түбі – береке!» | Тәрбие сағаты | қыркүйек | еңбек | 9 кл | фотоақпарат |
| 18 | «Мұндай мамандықтар бар» | презентациялар байқауы | наурыз | Еңбек | 6-9 кл | фотоақпарат |
| 19 | «Мамандықтар әлемі» | Мамандықтарға онлайн саяхат | қараша | еңбек | 9 кл | Қорытынды хабарлама |
| 20 | ««Мен кәсіптер әлемде» | Эссе байқауы | қазан | еңбек | 5-7 кл | фотоақпарат |
| 21 | «Ұлы дала Елінің даңқты тарихы мен дәстүрлері» тақырыбында саяхат-ойын | Саяхат-ойын | қазан | руханият | 8 кл | фотоақпарат |
| 22 | «Әдептілік белгісі-иіліп сәлем бергені» | пікірсайыс | сәуір | руханият | 9-10 кл | Хабарлама |
| 23 | «Айгөлек» | ән-би байқауы | наурыз | руханият | | марапаттау |

| | | | | | | |
|----|---|---------------------------------------|----------|----------|---------|------------------------|
| 24 | «Сұлулық сыры неде?» | көркемсурет галереялары | ақпан | руханият | 5 кл | Хабарлама |
| 25 | «Мәңгілік елдің ұрпағы - біздің болашағымыз» | тәрбие сағаты | қараша | отан | 3 кл | Хабарлама |
| 26 | «Жеңіс Ұландары» жобасы | ҰОС ардагерлеріне көмек көрсету | сәуір | отан | 9-10 кл | Қорытынды хабарлама |
| 27 | «Мен және менің отбасым» | Сурет көрмесі | қыркүйек | отан | 1-4 кл | Есеп |
| 28 | ««Мемлекеттік рәміздер – елдігіміздің нышаны», | Видеоролик көрсету | мамыр | отан | 3 кл | Видеожинақ |

Соркөл орта мектебінде өтілетін дәстүрлі мерекелік іс-шаралар жоспары:

Мақсаты: Оқушыларды мектеп өмірінің қалыптасқан дағдылары мен дәстүрлі мерекелерін сақтау және жалғастыруға үйрету.

| № | Іс-шаралар | Мерзімі | Жауаптылар |
|-----|--|----------------|--|
| 1. | Білім күн мерекесі: «Кел,балалар оқылық» -«Тәуелсіздік жетістіктері» | Қыркүйек | ДТІЖО, сынып жетекші |
| 2. | Денсаулық күні: -«Денсаулығым - бар байлығым» | Қыркүйек | Дене тәрбие мұғалімдері |
| 3. | Мұғалімдер күні: -«Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік» | Қазан | Аға тәлімгер, кітапханашы |
| 4. | Қамқорлық акция: -« Жылы жүрек – жомарт қол » | Жылына 2рет | Психолог,әлеуметтік-педагог |
| 5. | 1 желтоқсан-1 желтоқсан -Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті күні» | желтоқсан | ДТІЖО, сынып жетекші |
| 6. | 1 желтоқсан-дүниежүзілік ЖҚТБ-ға қарсы күрес күні | Қараша | Мейірбике, сынып жетекші |
| 7. | Желтоқсан оқиғасы - «Ар-намысым, қасіретім, қуанышым – Желтоқсан!» | Желтоқсан | ДТІЖО, Сынып жетекші |
| 8. | 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күні: -«Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» | Желтоқсан | ДТІЖО, сынып жетекші |
| 9. | Жаңа жыл ертеңгіліктері: -«Аяз ата бізде қонақта» 1-4 сынып; - «Шырша аясындағы әуендер» 5-7 сынып; «Балмаскарад» 8-11 сынып | Желтоқсан | ДТІЖО, Аға тәлімгер, сынып жетекші |
| 10. | 8-наурыз «Сыйынар ем Ана деген тәңірге» | Наурыз | ДТІЖО, сынып жетекші |
| 11. | «Қош келдің,әз Наурыз!» 1-11 сынып | Наурыз | сынып жетекші |
| 12. | 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні –«Ынтымағы жарасқан, туған өлкем- Қазақстан» | Мамыр | ДТІЖО сынып жетекші |

| | | | |
|-----|--|--------|----------------------------|
| 13. | 7-мамыр-ҚР Қарулы күштері күні | Мамыр | аға тәлімгер сынып жетекші |
| 14. | 9мамыр-Жеңіс күні: -«Бейбіт күн жасасын әлемде» | Мамыр | ДТІЖО сынып жетекші |
| 15. | «Сыңғырла,соңғы қоңырау» салт.жиын | Мамыр | ДТІЖО |
| 16. | 1маусым Халықаралық балаларды қорғау күні:-«Бар мейіріміміз балаларға» 1-4сынып | Маусым | аға тәлімгер |
| 17. | Мектеп бітіру кеші: -«Қош бол,алтын ұя,мектебім!» | Маусым | ДТІЖО сынып жетекші |

«ЖАС ҰЛАН» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының Кеңесінің жұмыс жоспары

| № | Кеңесте қаралатын мәселелер тақырыбы | Мерзімі | Жауапты |
|----------|---|----------------|--------------------------------|
| 1. | I –нші отырысында қаралған мәселелер: Жаңа оқу жылына арналған жоспарын таныстыру, бекіту; Мектеп комитет кеңесінің жаңа құрам мүшелерін сайлау, бекіту; 7 бағыттар бойынша Бөлімбасыларын сайлау; I оқу тоқсанында алынған жаңа міндеттерімен таныстыру, бекіту; | қыркүйек | Кеңес мүшелері Аға тәлімгер |
| 2. | 1.Қыркүйек, қазан айларындағы іс-шараларды талдау, қорытындылау; 2.Күзгі каникуль кезіндегі өткізілетін іс-шаралардың жоспарын құрып, таныстыру | қазан | Аға тәлімгер Ұйым мүшелері |
| 3 | 1.2021-2022 оқу жылында 16 Тәуелсіздік күні қарсаңында қабылданатын оқушылармен таныстыру; 2.Желтоқсан айында атаулы дәстүрлі іс-шаралардың жоспарымен таныстырып, дайындық жасау | қараша | Аға тәлімгер Ұйым мүшелері |
| 4 | 1.«Жас Ұлан» ұйымының жарты жылдық есебі 2.Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша іс-шаралар | желтоқсан | Аға тәлімгер Ұйым мүшелері |
| 5 | 1. Қайталама шикізат жинау бойынша «Эко-Асар» экологиялық марафоны акциясы бойынша қорытындысы 2 «Жас Ұлан» ұйымының 10 жылдығына арналған «Жас Ұлан мен үшін...?» челленджіне қатысуға | Қаңтар | Аға тәлімгер Ұйым мүшелері |

| | | | |
|---|--|--------|-------------------------------|
| | дайындық жайлы | | |
| 6 | <p>1. «ECO-FESTIVAL» фестиваль аясында қоқысты сұрыптау бойынша тренингтер, мастер-класстар ұйымдастыру жайлы</p> <p>2. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» хабарлама тыңдау «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы</p> | Ақпан | Аға тәлімгер Ұйым мүшелері |
| 7 | <p>1.8-наурыз «Сыйынар ем Ана деген тәңірге» Қош келдің, өз Наурыз!» 1-11 сынып дәстүрлі мерекелерге дайындық барысы</p> | Наурыз | Аға тәлімгер Ұйым мүшелері |
| 8 | <p>1.«Мәңгілік елдің Жас Ұландары» 1 мамыр Қазақстан бірлігі күніне орай салтанатты жиынға оқушыларды қабылдау</p> <p>2. 7 бағыт бойынша іс-шаралардың өткізілу барысы</p> | Сәуір | Аға тәлімгер Ұйым мүшелері |
| 9 | <p>1. «Жеңіс Ұландары» ұлы соғыс ардагерлерге арналған жобалар байқауы туралы (оқушылардың ізденісі)</p> <p>2. «Жас Ұлан» ұйымының II жарты жылдық есебі</p> | Мамыр | Аға тәлімгер Ұйым мүшелері |

